


TURKISTAN

Қарасай – жыраулық өнердің даңғайыры

Жыр-дастандардың басына түскен қасірет



«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін қазақ тәмсіліне бақсақ, өнер дейтін тылсым құдіреттің сыры да, тегі де күллі адамзатқа ортақ. Өйткені әдебиет пен өнер аталас. О баста музыка мен сөз өнері – адам баласына дүниенің сыры мен жырын жеткізуде, жаратылыс заңдарын түсіндіруде, тірліктің мәнін ұқтыруда, рухани әлемнің жұмбағын жеткізуде бірлесе қызмет етті. Бұл орайда қазақ өнері ертеден-ақ синкреттік бағыт ұстанды, яғни, бірнеше өнер түрлері біріккен күйде дамыды дей аламыз. Синкреттік деген ұғым философияда, дінде, тіл ғылымында және өнерде бар. Негізінен, бірлесу, бірігу, кірігу деген мағынада қолданылады. Өнердегі синкетизмің классикалық анықтамасы – ойлау мен көзқарастың ерекше тәсілдерінің қосындысы немесе бірігуі. Ал қазақ өнерінде синкреттік – ең алдымен жыраулық өнерде көрінді деп айта аламыз. Жыраулардың қобыз немесе домбыра секілді ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен қалыптасқан сюжеттік желісі бар көлемді жыр-дастандарды орындауы біздегі халықтық театрдың бастауы деуге болады. Жырау – әрі ақын, әрі музикант, әрі артист бола білді. Олар өздері жанынан шығарып орындаған жыр, дастандарында елді бірлікке, отансүйгіштікке үндеп, адами қасиеттерді – батырлықты, адалдықты, сұлулықты, өнерді дәріптеді. Тыңдаушысына соның бәрін жеткізе отырып, тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғаларды елдің есінде мәңгі қалдыруды көзdedі. Демек, кезінде жыраулар осы тарихи миссиясын керемет орындалап, XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін ел-жүрттың ықыласына бөленіп, жалпықазақтың деңгейде кең танылды. Кеңестік дәуірде, яғни XX ғасырдың 20-30-жылдарында қазақ ұлттық өнердің кей түрлерін идеологиялық сұзгіден өткізіліп, бұрын жұрт тыңдалап, бағалап келген кей өнер түрлеріне большевик- тік-әлеуметтік көзқарас тұрғысынан баға беру – талай жылдар бойы қазақ руханиятына үлкен зардабын тигізді. Әдебиет пен өнерге таптық тұрғыдан қарау – оны қатал ревизиялауға ұласты, яғни, ежелгі билер мен байлардың, батырлар мен сұлулардың сән-салтанатын мадақтап, қазақ өнері елдің рухани үйіткышына айналуына қарсы болды. Өйткені біртұтас кеңес халқын (*Homo Soveticus*) жасау керек деген советтік идеологтарға ұлттық таным деген рухани күш үлкен кедергі жасайтын еді. Сондықтан оны да мыттай, бесігінде тұншықтыру керек деп шешті, сөйтті де ұлт өнері, оның ішінде жыраулар айтатын дастандар идеологиялық жағынан жарамсыз деп танылып, оны айтуға, насихаттауға тыйым салынды. Сөйтіп, «Қобыланды», «Алпамыс» бастаған жүздеген дастан ендігіден былай радиодан берілмейтін, мәтіндері баспасөзге жарияланбайтын болды. Тек тегі кедейден шыққан, кеңестік таптық идеологияға сәйкес келетін «Қамбар батыр» жыры ғана қалдырылды. Бұл жайында қазақтың аса көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиев (Қадыр Мырза Әли) еліміз тәуелсіздік алған кезде жазған «Теріс тірлік» атты өлеңінде, сол кездің рухани картинасын барынша бейнелеп берді: Тауысып барлық

амалды, Құрсініп ғалым дем алды. Мақалдың көбі сотталды, Эпостың көбі қамалды. Құресіп өлген хандармен, Хандарға жақын жандармен... Қалдық та бардық Бір ғана Қара қасқа атты Қамбармен! Сақалын сипап шалдарым, Колхозға берді малдарын. Қалжыңсыз және күлкісіз Қанша жыл жүрді Алдарым! Ақтарып көне көрінді, Аруақтан үрпақ жерінді... Алыпқа тұсау салынды, Халыққа сөгіс берілді. Көз алдымызда, Апырмай, Тарихым болды тақырдай. Сұлмиіп қалды фольклор Сұзектен тұрған батырдай! Осылайша, қыттымыр кеңестік саясат қазақтың ұлттық өнерінің бірі – жыраулық өнердің тамырына балта шапты. Сөйтіп, ел неше ғасырлардан бері өздерінің жадын үнемі жаңғыртып, бабалар рухымен табыстырып келген өнерден көз жазып қалды. Әрине, уақыт өте келе, сталиндік режим тарих сахнасынан кete бастағанда халық ауыз әдебиеті қайта тіріліп, ел арасынан фольклорлық шығармалар көптеп жазылып ала бастады. Олардың кейбірі кітап болып басылып та жатты. Дегенмен ұзак жылғы сірекен саясат өз күшінде еді, халқымыздың жыр-дастандары кітапқа түсер кезде халықтың діни сенімін көрсететін, батырлардың басқыншы жаумен шайқасатын жерлері мұқият қадағаланып, барынша кеңестік идеологияға сәйкестен-дірілді. Соның кесірінен тек дастандарда қазақ батырлары тек қалмақтармен «соғысты». Ал Алтын Орда дәүіріндегі батырлар мен орысқа қарсы шайқасқан батырларды дәріптейтін дастандарды таратуға баяғыша тыйым салынды (Мысалы, «Едіге», «Орақ- Мамай», «Қарасай-Қази», «Жанқожа», т.б.). Халық дастандарын саяси ревизиялау мен оның халыққа қайта оралған (жарым-жартылай) кезең арасында аштық, репрессия сияқты кесапатты кезеңдер жатқандықтан қазақ фольклорын белгілі шекте насиҳаттауға рұқсат берілген шақта қазақ жыраулық өнері де құрып бітуге таяу еді. Бұл, әсіресе, Қазақстандағы қазақ өнер әлемінде анық көрінді. Ұлттық болмысқа деген зымиян идеологиялық шабуыл, еліміздегі орыстандыру саясаты осылай өз дегеніне жетті. Алайда бір аймақтағы қазақтың жоғалтқанын екінші бір өңірдегі қазақтар аман сақтап қала алды.

Өлмей жеткен өнер немесе Бесқаланың атақты жырауы туралы сөз
Діңіне балта шабылғанымен тамыры аман қалған ағаштың қайта көктей беретіні тәрізді қазақтың жыраулық өнері қаншама қиянат көрсе де біржола жоғалып кетпеді. Ол құллі қазақтың атамекені – Қазақстанның бірен-саран жерлерінде ғана ел арасында өмір сүріп жатқанымен баяғыдай пәрменді, жалпы халыққа таныс болмады, есесіне атамекеннен тыс жерлердегі қазақтар арасында жоғалмай, дами тұсті. Кеңестер одағы құрылған кезде ұлттық автономиялық республикалар құрылған кездегі Орталық Азия республикасының картасын қарасаңыз одан Қазақстан, Өзбекстан және Түркіменстан республикаларын ғана көрер едіңіз. Ол кезде бүгінгі тәжік елі Өзбекстанның құрамында, қырғыз елі мен бүгінде өзбек елінің құрамындағы қарақалпақ елі Қазақстанның құрамында болған. Ал 1930 жылы қарақалпақ елі Қазақстан құрамынан

шығарылып РСФСР-ге, 1936 жылы Өзбекстанға берілді. 1924 жылы ұлттық республикалар құрылған тұста Орталық Азияда қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік елдері өз алдына отау тікті. Міне, осы деректерге көз салсақ, бүгінгі қарақалпақ жеріндегі қазақтар Кеңес одағы сызған шекаралардың себебінен өз жерінде отырып, атамекенінен еріксіз сыртта қалып қойды. Дегенмен Бесқала (қарақалпақ елін Кеңес одағы құрылмастан бұрын солай атаған) қазақтары өзі түрған жердегі халықтың үштен бірін құрап, өз ана тілінде білім алуға мүмкіндігі болғандықтан ұлттық салт-санасы мен өнерін ұмытпады. Ол жақтағы қазақтар әдебиетпен, журналистикамен шұғылданды, ән мен күй шығарды, ең бастысы – жыраулық өнердің туын жықпай XXI ғасырға жеткізді. Бұны өз кезінде лайықты бағалаған халқымыздың ардақты ұлы, академик Рахманқұл Бердібаев мұндағы қазақтарды рухани әлемі жайлы «жыршылық өнерді ерекше қастерлейтін эпикалық аудан» деп аталы сөзін айтқан еді. Жыраулық өнер кең-байтақ қарақалпақ елінің бірнеше ауданында дамыды. Мойнақ, Қоңырат аудандарында Наурызбек жырау Раманқұлов, Алдаберген жырау Тасқынбаевтар қазақтың терме-толғауларын, жыр-дастандарын тойларда айтып елдің құлағына сіңірсе, Дәуқара өнірі – Тақтакөпір ауданында Қарасай жырау Әбдімұратұлы Сыр бойының ақын-жырауларының, бесқалалық жыраулардың термелерін, толғауларын, «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» секілді ноғайлы дәуірінің батырларының ерліктерін баяндайтын көлемді дастандарды таңды таңға ұрып жырлады. Әйткені ол бала кезінен әкесі Әбдімұрат жыраудың, Сыр бойы мен Бесқалаға бірдей танымал атақты Тенізбай жыраудың, Дәуқара өнірінде өмір сүрген Өтім, Мыңбай, Қосым жыраулардың жыртермелерін тыңдалап өскен еді. Қарасай (шын аты – Қалқабай) Әбдімұратұлы 1937 жылы Тақтакөпір ауданындағы Бөршітау өнірінде дүниеге келген. Әкесі Әбдімұрат Қоңыrbайұлы (1897-1943) – Дәуқарада (Тақтакөпір ауданы аймағы) өмір сүрген ел арасында танымал жырау. Қарасайдың балалық дәуірі Бөршітау етегіндегі Қаратерең көлінің жағасында және Шерімбет ауылында өткен. Әкесі Әбдімұрат Қоңыrbайұлы (1897-1943) мен Тенізбай Есенбайұлы (1905-1968) жырауларды ұстаз тұтып, солардың орындауындағы терме-толғауларды, дастандарды жас кезінен тыңдалап өскен Қарасай домбыраға, терме айтуға үйір болады. Өнер зерттеуші, жыршы Күнқожа Қайрулланың жыраудың өзінен жазып алған ғұмырбаянында ол былай дейді: «Менің Аймұрат, Жұмамұрат деген екі ағам жырау болды. Мен домбыра үйренейін десем, қолымнан жұлып алады. «Көтере жырау болып кеттік, бір-екеуіміз оқыық» деп. «Сен оқы» деді маған. Ағам Тоймұрат Әбдімұратов 7-класты жақсы оқып бітірген еді. Соның «Шаһадатнамасымен» Шымбайға келіп, Тұрдымұрат Абибуллаев басқаратын педагогика училищесіне оқуға кірдім де кеттім. Мектепті ағам жақсы бітірген, училищеде менен емтихан алған жоқ. Педагогика училищесін «Тоймұрат Әбдімұратов» болып мен де жақсы

бітірдім. Бірақ оқу аяқталып, диплом берер кезде училище директорына кіріп, менің атымның Қалқабай екенін, Тоймұрат ағамның «Шаһадатнамасымен» оқуға түсіп оқығанымды айтып, «енді дипломға менің өз аты-жөнімді жазып беріңіз» дедім. Директор: «Ойпырмай, жүрек жүтқанның біреуі сен екенсің. Осы жасқа дейін сендей адамды көрген жоқ едім» деді. Сөйтіп, дипломды өзімнің атыма жазып алдым. Шымбай педагогика училищесіне 1953-1954 оқу жылында түсіп, төрт жылда бітірдім, диплом алдым. Қараөзектің Орджоникидзе атындағы орта мектебінде кәріс балаларын оқыттым. Үш жыл мұғалім болдым». Жалпы, өнер киелі нәрсе ғой, бүгінгі біреуге ән жаздырып алып ертеңіне оны айтып шығып, әнші атанып жүрген жастармен баяғының өнерпаздарының тағдырын салыстыруға әсте келмейді. Бұрында өнерге адам үлкен рухани дайындықпен, оның қасиетін жүрекке сіңіріп болған соң ғана келетін. Ұстаздық деңгейі мықты тұлғалардың өнегесін алып, тәлімін бойға сіңірген соң ғана өнер жолын ұстанатын. Соңдықтан жырау атанған өнер иелерінің өміріндегі құбылыстар, оның тағдырын өнермен байланыстыратын жайлардың кейбірі қалыптан тыс көрінгендей болса да негізінде шындық бар деп қабылдаймыз. Кезінде қарақалпақ еліне және одан тыс жерлерге даңқы шыққан Қарасай жырауды өнерге әкелген қандай құдірет? Ол жайында өзі былай дейді: «Бір күні әкем түсіме еніп: «Балам, менің кәсібімді ал», – деді. Соңан соң мен тойларға бара бердім. Домбыраны жөндең деп тарта да білмеймін, бірақ бірдене айтып қолымды жыбырлатып отырсам, домбырам құрғыр келіп отыр, содан мен жырлай беретін болдым. Әуен мен сөздің маған қалай келе беретінін білмеймін. Шаһаманға барсам, бір той болып жатқан екен, мен де қолыма домбыра ұстап барып ем, адамдар күліп: «Ау, мына жақтан бақсы келді, бақсы келді», – деді. Өтен Төрешев ән жатқан екен. Кейіннен көпшілік «мынау пақырлар да кәсіп деп жүрген екен. Бес минут-бес минуттан кезек берейік» деп, азғантай уақыт берді. Сол бес минуттың ішінде көзімді жұмып отырып, домбыра тартып, терме айттым. Адамдардың бәрі сілтідей тынып, құрды бұзып, маған жақын-дапты. Содан айта бердім, айта бердім. Үлкен абыройлы адамдар: – Эй, шырағым, сен шөпке бастырылып қай жерде жүрсің, біз танымаған жыраусың ғой, атың кім? Мен Қостаубай деген ағаң болам, Шымбайда тұрамын, – деді. Біреу келді: «Мен Шектібай деген ағаңмын, Шөмекей болам. Біздің үйге бар» деп. Әне, соңан менің аяқ алысым кеңеіе бастады. Жырау келді дегесін бәрі сенің бетінде қарайды, домбыраны тартып айтуың керек. Сол күндері білмеймін не айтып, не қойғанымды. Әйтеуір менің даңқым шықты. Шымбайдағы Қостаубай, Қосжан, Рай, Қияс, Шектібайлар мені алақанына салып көтерді. Бұлардың үйі өз үйімдей болып кетті. Мені үлкен тойларға апарып, жыраулармен жарысқа салып жіберетін. Ол заманда жыраулардың іздегені – той. Бір тойға барсаң, бес-алты жырау отырады. Ол аз ба, кейде оннан да көбейіп кетеді. Халық соның бәріне айттыра бермейді. Бір қызық оқиғаны

айтайын, тойда Бесқаладан ғана емес, Қазалыдан, Қармақшыдан да көп жырау келді. Жиырма тоғыздай жырау болды. Халық барлығын бес минуттан айтқызып, таңдаулысын ертеңгі құрға дайындалады. Қайсысы жырлайтынын саралайық деп, отырған жыраулардың әрқайсысының алдына микрофон қойып, айтқыза бастады. Мені Қияс аға ертіп апарып еді, Қиясқа қарасам, төмен қарап отырыпты. Біртүрлі, қапаланып отырғандай көрінді. Себебі бұл да бәйгіге ат қосқандай ғой ақыры. Ішімнен «бұларды қалай алып өтем, қандай жолменен басым түсемін» деген ой келе бастады. Термені екі минуттан артық айтпайын, екі минут сайын өзге мақаммен айтып, қайырымын да тез қайырайын дегендей ой болды. Маған берілген бес минуты он минутқа созылып кетті. Бес түрлі мақаммен айтып, қайырғаннан кейін адамдардың бәрі қол шапалақтап, «өй, басқа жыршыларды азанда көрерміз, мына жырау айтсын да» деді халық. Эне, содан бізге және уақыт берілді. Ертеңіне құрда да жырладым» (жоғарыда келтірілген жазбадан. – А.Ә.). Иә, Қарасай жырау өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы жылдарында ел арасында тынбай жырлады. Беделді адамдар тойда оны арнайы шақырып, құрда жырлататын (қарақалпақ еліндегі қазақтар адамдар жиналып, жырау жырлататын жерді «құр» дейді). Жеке өзім тоқсаныншы жылдардың бас кезінде ауылда (Тақтакөпір ауданындағы «Қоңыратқөл» ауылында) бір туысымыз баласын үйлендіріп той бергенде Қарасайды әкеліп жырлатқанын көрдім. Киіз үйдің ішінде отырғызып, сорпа-суын беріп, ыстық көк шайын алдына қойып, жағдайын жасап жырлатты жырауды. Терме-толғаулар өз алдына, қаншама дастандарды ұзағынан қайырып, үш күн жырлады ол. Ара-тұра шайынан ұрттап қойып, тамағын жібітіп алған Қарасай кең көследі. Арасында тысқа шығып келгенде не тاماқ жеген кезінде болмаса, басқа кездің бәрінде тек жырлаумен болды. Өз басым атын жас кезімнен естіп, ара-тұра әкеміз үйге алып келіп терме айтқызғанын естігенімізben бала кезімде онша мән бермеген екенмін. Ал ана жерде алғаш рет ол жырлаған ноғайлы дәуірінің дастандарын зер салып тыңдадым. Бір жағы халықты жалықтырып алмауды ойлап, екінші жағынан жырдың әр түстарына өзіндік бояу беру арқылы тыңдаушысына сіңіруді көздеген жырау бір дастанды біrnеше мақаммен жырлайды екен. Оның «жол» дейтінін кейінрек өнерге мән бере бастағанда білдік қой. «Жол» деп әр жыраудың өзінің жырлау стилін – мақамын айтады екен. Айтары жоқ, өзіме керемет әсер етті. Кейін әкемнен (Жұмағали Өмірзакұлы) Қарасайдың дастан орындау ерекшелігі туралы сұрағанымда «Мұның әкесі Әбдімұрат деген атақты жырау болды. Сосын Теңізбай деген сұрапыл жырау бар еді, Қарасай солардың мақамымен жырлайды. Баяғыда осындағы ел Теңізбай жырау мен Әбдімұрат жырауды апталап жырлататын. Олар қазіргі жыраулардай емес, тек жыр жырлап, дастан айтумен шектелмей, табанда өлең шығарып кете беретін. Ол кезде әркім ақысына қой беріп, ата-бабасы туралы да жырлататын. Сонда жыраулар

өтініш айтқандардың ата-тегін білгендіктен олардың азаматтығын, адамгершілігін мақтап өлең шығаратын. Әттең солардың бәрі құлақта қалмай не қағазға түспей желге үшты ғой» деген-ді. Әкемнің осыған жалғас тағы бір айтқаны есте қалыпты: әлгі жыраулар жазда ел аралап жырлап, қой, құнан атағандардың ата-бабасына өлең шығарып елді дұманға бөлеп кеткеннен кейін (олар бір жерде тұрмай ел аралап жырлай беретін болған ғой), құздің құні ауылға жыраулардың қосшылары келіп «пәлен айда осы ауылға келіп Теңізбай жырау жырлағанда атағандардың болса алып кетейін деп келдім» дейді еken. Сонда ата-бабасын жырлатқан әлгі кісінің алдына жырауға атаған малын салып жібереді еken. О кездің адамдары уәдеге берік болған ғой. Міне, осындай жыраулардың өнерін бойға сіңірген Қарасай жырау да ұстаздарының мақам-саздарын өрбітіп, өрістете жырлап, ел арасында үлкен құрметке ие болды. Тек бұрынғылардан естігендерін жырлаумен тынбай өз жанынан терметолғаулар шығарды, ән де, күй де шығарды. Шәкірттер тәрбиеледі. Оның репертуарында үлкен дастандардан бөлек Қарасақал Ерімбет, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының толғаулары, өзінің терме-толғаулары бар. Бұл күнде 86 жастан асқан Қарасай жырау Әбдімұратұлы Қарақалпақстанның Шымбай қаласында аман-есен өмір сүріп жатыр. Оның жолдарымен жырлайтын Қази Қожамұратов, Бекенқұл Ариев, т.б. шәкірттері атажұртта ұстазының жыр айту дәстүрін жалғастырып жүр.

Қарасай жырауды ұлықтау

Жоғарыда айтып өттік: Қарасай жырау отыз жылдай уақыт ел аралап терме айтып, жыр жырлап жыраулық өнерді тынбай насихаттады. XX ғасырда қазақтың осы бір бекзат өнерінің туының жығылмай бұл күнге аман жетуіне мол үлес қосқан және қазақтың жыраулық өнерінде ерекше орны бар Бесқала жыраулық мектебінің көрнекті өкілдері Наурызбек Раманқұлов, Алдаберген Тасқынбайұлымен, т.б.

жыраулармен бірге үлкен еңбек сіңірген Қарасай жыраудың жырлаған дастандары мен термелері кезінде аудио және бейнежазбаларға жазылып алынған. Бүгінде оны интернет арқылы да тыңдауға болады, сондай-ақ шәкірттерінің өнерін де YouTube желісінен тамашалауға болады. Дегенмен жақынға дейін Қарасай жырау туралы деректер хатқа түсе қоймаған еді. Осы олқылықтың орнын толтырып жүрген жыршы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы Күнқожа Қайрулла кейінгі оншақты жылда Бесқала өнер мәдениетін, оның ішінде жыраулық мектептерін зерттеп, көптеген мақала жазды, кітаптар шығарды. Осыдан екі жылдай бұрын баспадан «Наурызбек жырау шығармалары» атты құнды кітап шығарған ол, жақында «Қарасай жырау шығармалары» атты кітап шығарды. Кітапта Қарасай жыраудың терме-толғаулары, әні, күйі топтастырылған. Сондай-ақ Қарасайдың Дәуқара өнірінен шыққан жыраулар туралы әңгімелері, Қарасай жырау жайында жазылған белгілі өнерпаздардың,

шәкірттерінің мақалалары, естелік-эсселері, өлеңдері енгізілген. Аталмыш кітаптың тұсауқесер рәсімі өткен аптада Қарасай жырау туған Дәуқара өңірі – Тақтакөпір ауданындағы «Мұлік» ауылындағы орта мектепте өткізіліп, дәстүрлі ән жырлардан концерт берілді. Концертке жергілікті өнерпаздармен қатар, Алматы және Ақтөбе қалаларынан, Қарақалпақстанның бірнеше ауданынан арнайы келген қонақтар да өнер көрсетті. Атап айтқанда, Қази Қожамұратов, Ринат Бекжүрсінұлы, Күнқожа Қайрулла, Жеңісбек Алпысов, Айдар Мөкешов сынды жыршилар мен Жолмақан Алпысов, Фердауси Еркебұланұлы сияқты домбырашылар қатысып өнер көрсетті. Кешті жергілікті айтыскер ақын Еркебұлан Қолғанатов жүргізді. Кештің басты кейіпкері – Қарасай жырау Әbdімұратұлы жыраулық өнер жайында әңгіме айтып, өзіне құрмет көрсеткен қауымға алғыс білдірді. Бұл бүгінгі саналы ұрпақтың Қарасайға ғана емес, қазақтың жыраулық өнеріне деген үлкен құрметі еді. Құдайға шүкір, бүгінде қазақ халқы бір кезде жоғалтқанымен қайта қауышып, ұмытылып бара жатқан кейбір құндылықтарын қайта қалпына келтіріп жатыр. Соның бірі – жыраулық өнер. Қазір ел арасына бесқалалық Наурызбек Раманқұлов секілді атақты жыраулардың өнері жақсы таныс. Тыңдаушылары да жылдан-жылға көбейіп келеді. Енді міне солардың қатарына Қарасай жырау да қосылды деуге болады. Алдағы уақытта қазақтың ежелгі жыр жырлау, дастан айту дәстүрі жаңаша деңгейде дамып жатса, сондай кезде Қарасай Әbdімұратұлының өнері де кең танымал болады деп сенеміз.

Ахмет Өмірзак